


# Қазақ 11-VC2SL

Литий-ион / никель-металгидрид аккумуляторларға арналған USB шығысы мен СК дисплейі бар зарядтау құрылғысы

## Кіріспе

Жақсартылған түсті сұйық кристалды VA-дисплей келесі ақпаратты көрсетеді: зарядтау сыйымдылығын, нақты уақыт режиміндегі зарядтау тоғын, аккумулятордың ішкі кедергісін, шығыс кернеуін және USB портының тоғын.



## Аккумуляторлардың қолданылатын типтері:

3.6В / 3.7В литий-иондық /LMR/MNR/ICR  
10440/14500/14650/16340/17335/17500/17670/18350/18490/18500/18650/  
18700/20700/21700/22650/25500/26650

1,2В Ni-MH-/Ni-CD  
AAA/AA/AA/A/SC/C/D

Ескерту: Құрылғы 20700/21700 қорғалған аккумуляторларын зарядтауға арналған.

## Техникалық параметрлері

Үлгісі	VC2SL
Кіріс параметрлері	5 В - 2.1 А
Реттелетін тұрақты тоқ	4.2 В — 2 А x1 / 1 А x2 / 0.5 А x2 1.45 В — 2 А x1 / 1 А x2 / 0.5 А x2
Зарядты ажырату кернеуі	4.2 ± 0.05 В / 1.45 ± 0.1 В
Айыру тоғы	≤ 150 mA
USB кіріс параметрлері	DC 5 В 1 А
Жұмыс температурасы	0-40°C

## Пайдалану

### I. Зарядтау функциясы

Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз және аккумуляторды салыңыз, зарядтау автоматты түрде басталады.

### II. 0 В белсендіру функциясы

Аккумуляторды салыңыз. Егер ол қалпына келтіруге жататын болса, зарядтау 10 минуттан кейін басталады.

### III. Қосылған кезде дисплейге шығарылатын ақпарат

Батарияны басыңыз. Дисплей қосылады да, келесі ақпарат көрсетіледі: сыйымдылық (CAP), нақты уақыт режиміндегі зарядтау тоғы (CCR) және ішкі кедергі (IR).

## Ескертпе:

### 1. CCR дисплей

Аккумулятордың кернеуі 4,2 В жеткен кезде, нақты уақыт режиміндегі зарядтау тоғы біртіндеп 0 А дейін түседі.

### 2. IR дисплей

Аккумулятор толық зарядталған кезде зарядтау құрылғысы аккумулятордың артық зарядталуы жағдайында ішкі кедергіні өлшемейді. Сонымен қатар ішкі кедергі адаптердің кіріс тоғы 700 мА аз болған кезде өлшенбейді.

## IV. Аккумулятордың түрін автоматты анықтау

Аккумуляторды салыңыз. Зарядтау құрылғысы 4 минут ішінде автоматты түрде аккумулятордың түрін анықтайды, экранда Ni-MH белгішесі жыпылықтай бастайды. Сәйкестендіру процесі аяқталған кезде, экранда аккумулятордың түрі көрсетіледі.

## V. USB шығыс параметрлері (күштік ағынмен басқарумен)

USB құрылғысын және аккумуляторларды бір мезгілде зарядтаңыз. Қуат көзін ажыратыңыз және литий-ион аккумуляторын тасымалды зарядтау құрылғысы ретінде қолданылатын USB-құрылғысын зарядтауға арналған слотқа салыңыз. Слоттардың екеуін де құрылғыларды зарядтау үшін пайдалануға болады. Алайда әдепкі қалпы бойынша сол слоттағы аккумуляторды тоғынан ажырату ұсынылады.

## Ескертпе:

Күштік тоқты басқару USB құрылғысына аккумулятордан емес, тікелей тоқ көзінен зарядтауға мүмкіндік береді, бұл аккумулятордың қызмет мерзімін ұзартауға мүмкіндік береді.

## Жарық индикаторы түстерінің мәні

Жасыл: күту режимі/аккумулятор толығымен зарядталған  
Қызыл: өзін-өзі бақылау/зарядтау жүріп жатыр/белсендіру  
Жарық сигналы жоқ: қуат көзі қосылмаған

## Кепілдік

Сіз жергілікті сауда агентіне өнімді (кепілдік нөмірімен) және түбіртеккі беріп, қызмет көрсету бойынша қызметтерімізді пайдалана аласыз. Біз келесілерді қамтамасыз етеміз:

- 15 күн ішінде тегін ауыстыруды.
- 12 ай ішінде тегін жөндеуді. Егер мәселе 12 айдан кейін туындаса, біз сізге тегін жөндеуді ұсынамыз, бірақ сіз қосалқы бөлшектер үшін ақы төлеуіңіз керек. Сауда агенті сізге жөндеу құнын алдын ала хабарлайды.
- Бұйымның бүкіл қызмет мерзімі бойы техникалық қолдау көрсетуді,

## Ескерту:

1. Бұл кепілдік дұрыс пайдаланбаудан, бөлшектеуден және еңсерілмейтін факторлардан туындаған зақымдануларға қолданылмайды.
2. Егер сізде сұрақтар туындаса, сатудан кейінгі қызмет көрсету бөлімімізбен байланысыңыз. Электрондық пошта мекенжайы: [service@xtar.cc](mailto:service@xtar.cc)

## Жалған жасаудан қорғау

1. Қаптамадағы қорғанғыс жапсырманы өшіріңіз.
2. Пайда болған 18-таңбалы нөмірді [www.jfatar.com](http://www.jfatar.com) сайтының парақшасында енгізіңіз (Contact Us - Anti-fake (Бізбен байланысыңыз - Жалған жасаудан қорғау)).

## Ескерту

1. Қуат беруді динамикалық басқару функциясы зарядтау құрылғысына зарядтау тоғын автоматты түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Қуат көзі әлсіз болған кезде зарядтау тоғы тиісінше азаятын болады.
2. Зарядтау құрылғысының сумен байланысуына жол бермеңіз, құрылғыны шандану жағдайында және жоғары ылғалдылық кезінде пайдаланбаңыз.
3. Өтінеміз, зарядтау құрылғысын жарқсы желдетілетін үй-жайда пайдаланыңыз. Барлық батареяларды шығарыңыз және зарядтау құрылғысы пайдаланылмаса, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
4. Балалар зарядтау құрылғысын тек қана ересектердің бақылауымен пайдалана алады.
5. Зарядтау құрылғысы бұзылған жағдайда, оны пайдаланбаңыз және бөлшектемеңіз.
6. Соңғы өзгерістерді ескере отырып, толық ақпарат [www.jfatar.com](http://www.jfatar.com) сайтында ұсынылған

## Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша

### ХТАР зарядтау құрылғысы Үлгілері MC1, MC1 PLUS, MC2, MC2 PLUS, MC3, MC4S, MC6C, PB2, PB2C, PB2S, VC2, VC2S, VC2SL, VC4SL, VC4, VC4S, VC8, VP4C, SC1, SC2, ST2, VH4, CH2, BC4, FC2

Зарядтау құрылғысы аккумуляторлық батареяларды зарядтауға арналған.

#### Пайдалану, монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5°C-тан 40 °C-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіледі. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз тиісінше пайдаланбау жағдайында мүмкін болатын табиғи ресурстарды қорғауға және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтіруді алдын алуға көмектесесіз. Берілген өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорындан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь ИкСТАР Электроникс Ко., Лтд.  
5 қабат, №777 Синьхэ тас жолы, Шанмугу, Пинху обл., Лунган ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

#### Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

#### Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

**Электрондық пошта мекенжайы:** cert@dns-shop.ru

Тауар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапаны жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Тауарды дайындау күні қаптамада көрсетілген.

Сауда таңбасы: ХТАР.

